

1. нарушение процессуального порядка подготовки, направления объектов экспертного исследования на экспертизу;
2. проведение экспертного исследования (части исследования) лицами, которым не было поручено производство данной экспертизы;
3. проведение экспертизы лицом, которое не имело права на производство экспертизы или согласно закону подлежало отводу;
4. нарушение прав участников процесса при назначении и производстве экспертизы;
5. другие нарушения, если они фактически отразились на полноте и всесторонности экспертного исследования, объективности и обоснованности заключения эксперта.

При этом также особо было подчеркнуто, что мнение специалиста не заменяет экспертное заключение. [4].

То есть таким образом, Верховный суд обращает внимание на необходимость устранения не критического отношения к заключениям экспертов. В частности, выводы по делу не могут быть основаны на противоречащих друг другу заключениях или на заключениях, противоречащих другим доказательствам, достоверность которых установлена. Во всех случаях в обвинительном заключении и приговоре суда должны излагаться и анализироваться результаты экспертиз, а не просто даваться ссылки на наличие заключения.

Новые научно-технические средства, порожденные научно-техническим прогрессом, оказывают определенное влияние на судопроизводство в целом. Об этом свидетельствует сравнительный анализ УПК казахской ССР и УПК Республики Казахстан, который показывает, что если в предшествующем УПК не было норм, регулирующих использование технических средств в процессе доказывания, то их развитие и внедрение в криминалистическую практику потребовало соответствующего реагирования и регулирования. Примером этому может служить появления таких следственных действий, как перехват сообщений. Естественно предположить, что с течением времени произойдет пополнение перечня уже существующих направлений криминалистической техники, которое будет происходить за счет новых методов и средств, разработки новых методик собирания и исследования доказательств в уголовном процессе, а одновременно с этим необходимо будет совершенствовать способы проверки достоверности полученных таким образом фактических данных, признаваемых или не признаваемых доказательствами по уголовным делам.

1. Шакиров К.Н. Судебная экспертиза: проблемы теории и практики. – Алматы, 2002. – С.37.

2. Исаев А.А. Теоретические и правовые проблемы применения специальных познаний для квалификации преступлений. – Алматы: Жеты-Жаргы, 1999. – С. 33.

3. Аубакиров А.Ф. Общие положения криминалистической техники // Криминалистика: криминалистическая техника: Учебник для вузов / Под ред. Аубакирова А.Ф. – Алматы, 2002. – С.16.

4. О судебной экспертизе по уголовным делам: Нормативное постановление Верховного Суда РК № 16 от 26 ноября 2004 г. // Сборник постановлений Верховного Суда Республики Казахстан. – Алматы: Жеты Жаргы, 2006. – С.684.

In article the bases of impossibility of admissibility of the facts as proofs which provided in article 116 of Procedural criminal law of RK are considered.

Мақалада нақты мәліметтің анықтасын жол бермеудің желістерін ҚР ҚІЖК 116 бабы бойынша қаралады.

Г.Ү. Құдайбергенова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ПРОКУРАТУРА ОРГАНЫНЫҢ РОЛІ

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік-құқықтық қалыптасу кезеңі 1990 жылдардан бастау алады. Біздің ел өз егемендігіне қол жеткізіп, тәуелсіз мемлекет атанды. Дербес ұлыс ретінде танылып, саяси-құқықтық реформалар жүргізіліп, еліміз әлем мойындаған президенттік республикаға айналды. Тәуелсіздікті іс жүзінде нығайтып, қоғамның орнықты даму арнасындағы алға басуы баянды жалғасын табуда. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы таяудағы 10 жыл ішінде бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы баяндалды.

Жалпы қоғам да өзінің заңдылықтарымен өмір сүреді. Қоғамды құрудағы ең негізгі мақсат оның сау-саламатты, таза, ашық болуында. Ашық дегеніміз барлық мәселе халықтың назарында тұрады дегенді білдіреді [1,276.].

- Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауында бәрінен бұрын, құқық қорғау жүйесін оңтайландырып, әрбір мемлекеттік органның нақты құзыретін түзу керектігін, біздің заңдарымызды ізгілендіріп, олардың сапасын арттыру қажеттігін айтты.

Құқық қорғау жүйесінің қызметінде екпін ішкі ведомстволық мүддеден азаматтардың құқы мен мемлекеттің мүддесін қорғауға қарай ауыстырылуы тиіс екендігін атап көрсетті [2, 26.]. Тәуелсіз егемендік Қазақстан Республикасы дамыған құқықтық мемлекет құру жолына түсті. Осы уақыттың ішінде біздің еліміздің мемлекеттік және қоғамдық өмірінің құқықтық негізін нығайтуға, қоғам мүшелерінің құқығы мен еркіндігі кепілдігіне көп көңіл бөлінуде. Құқықтық мемлекет ретінде Қазақстан дамуының тұжырымдама негізіне жеке тұлғаның құқығы мен заңды мүдделер кепілінің жүйесін құру идеясы алынған. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы құқықтық және

элеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - делінген [3].

Осы конституциялық норманың талдауынан, құқықтық мемлекеттің пайда болу процесі адам мен азаматтың мүддесін қамтамасыз ететін заңнаманың қалыптасуымен тығыз байланыста болуы қажет. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы – мемлекеттің ұлттық құқықтық жүйесін дамыту мен нығайту бағдарламасындағы маңызды кезең. Ол 2002 жылы қабылданған Құқықтық саясат тұжырымдамасынан бастау алады. Бұл Тұжырымдама Қазақстан Республикасы заңдылықтарын жетілдірудегі негізгі бағыттарды анықтайды. Алдағы ондаған жылдарға арналған ұлттық құқықтық саясат саласындағы бағдарламаларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайынғы заң жобалау жұмысындағы болашақ жоспарларының және Қазақстан республикасы құқықтық нормативтік актілері жобаларының негізі болып табылады.

Құқықтық мемлекеттің конституциялық идеялары құқық, әділеттілік, ізгілік идеяларына негізделген заңдарды қабылдап қалыптастыруда, құқық тәртібінде, материалдық құқық және адам мен азаматтың саяси құқық кепілдіктерінде көрініс табуы қажет. Мұның өзінде өздерінің конституциялық міндеттерін бұлжытпай орындауға жұмылдырылған мемлекеттік қызметкерлер мен басқа да азаматтардың жауапкершілігін арттырудың маңызы зор. Сондай-ақ элеуметтік мемлекеттің конституциялық идеяларын жүзеге асырудың да мән-маңызы ерекше. Бұл жұмыс, ең алдымен, жеке адамның барлық қабілеттері мен экономикалық еркіндігін қамтамасыз ететін негіздерге сүйенетін мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылуы керек [4, 12-136.].

Бәрімізге белгілі, заңдардың тура және бірегей қолданылу кепілдігіне прокуратура органының жұмысы, оның құрылысы мен дамуы қызмет етеді. Өзіне артылған міндеттерді нәтижелі орындау үшін заңдарды қолдануда прокуратура органының ұйымдастырушылық-құқықтық өкілеттілігі кеңітіліп, айқындалған Қазақстан республикасының «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заңның талабына сай, прокуратура Қазақстан Республикасының жеке, орталықтандырылған, біртұтас жүйесі болып ұйымдастырылған. Қазақстан егемендік алғаннан кейін прокуратура органы елде орнаған ахуалға байланысты заңдылықтың үстемдік етуін жеделдетуге бағытталған ізденістер мен жұмыстарды іске асыра бастады. Елдегі және заңдардағы өзгерістер ең басты қазына адам және оның конституциялық құқықтары екендігін бекітті. Осыған байланысты прокуратураның да басты міндеті – азаматтардың құқықтарын қорғау болып саналады.

Мемлекеттік басқару органдары жүйесінде прокуратура өзінің конституциялық орнына ие болды. Прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, ҚР Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуына жоғары қадағалау жасай отырып, ҚР Президентінің Республика халқы мемлекеттік биліктің бірлігінің, Конституцияның өзгермейтіндігінің, адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретіндегі өз қызметін асырудағы құқықтық тетігі болып табылады.

Прокуратураның өз қызметін заң шеңберінде атқарып, республика заңдылық пен тәртіптің нығаюына бағытталған жұмысының белсенділігінің артуына прокуратура туралы заңдар мен заң актілеріне енгізілген өзгерістер оң нәтижесін берді [5, 10-116.].

Прокуратура органдары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында өткен жылы жеке және заңды тұлғалардың 251 мыңнан астам арыз-шағымдарын шешіп берді. Олардың 14 мыңнан астамы негізді деп табылып, қанағаттандырылды. 66 мыңнан астам азамат пен заңды тұлғалардың өкілдері жеке қабылдауда болса, олардың 39 мыңнан астамын орталық және жергілікті орган басшылары тікелей қабылдады.

Тұтастай алғанда, элеуметтік-экономикалық саладағы азаматтардың құқықтарын қорғау мақсатында 2009 жылы прокурорлар орталықта және жергілікті жерлерде 23 115 тексеру жүргізілген. Олардың нәтижелері бойынша 10 296 наразылық қанағаттандырылып, 553 ұйғарым орындалды, заң бұзушылықты жою үшін шаралар қолданыла отырып, 19 661 прокурорлық ұсыным қаралды. Прокурорлық ықпал ету шаралары бойынша 38 387 заңсыз құқықтық акті тоқтатылды немесе өзгертілді. Тәртіптік, әкімшілік және материалдық жауапкершілікке 52 538 адам тартылды, 71 іс қозғалып, қазірде олардың 18-і сотқа жіберілді. Сот қараған қылмыстық істер бойынша 18 адам сотталып, мемлекет кірісіне 55 миллиардтан астам қаржы қайтарылды. Құқықтық тәртіпті сақтау, қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес прокурорлар жұмысының басым бағыты болды және солай бола бермек. 2009 жылғы еліміздегі қылмыстық ахуалға жасалған талдау дағдарысқа және бірқатар салада өндіріс көлемінің белгілі бір дәрежеде төмендеуіне қарамастан, жұмыстарын прокуратура үйлестіріп отырған құқық қорғау органдары елімізде тіркелген қылмыстар санын 2008 жылмен салыстырғанда 4,6 пайызға төмендетуге қол жеткізді.

Қылмыстық ахуал статистикасының маңызды көрсеткіштері мен санаттары бойынша төмендету байқалып отыр. Мәселен, жалпы қылмыс саны 6,1 пайызға төмендеді. Ал ауыр қылмыс саны 10 пайызға төмендеп, қылмыстың ашылуы 71,8 пайыз артты.

2009 жылы сот төрелігін жүзеге асыру саласында заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында прокурорлар тарапынан барлық қылмыстық істер бойынша мемлекеттік айыптауға қолдау көрсетілді. (жеке айыптау істерін қоспағанда).

Прокурорлардың бастамасымен апелляциялық сатыдағы соттармен 1311 адамға қатысты үкімдер заңға сәйкестендірілді. Республика бойынша апелляциялық наразылықтардың қанағаттандырылуы 89,3%-ды құрады. Қадағалау тәртібімен прокурор наразылықтары негізінде 474 адамға қатысты сот қаулылары заңға сәйкес келтірілді, ал қадағалау наразылықтарының қанағаттандырылуы 93,5%-ды құрады. Азаматтарды заңсыз қылмыстық жауапкершілікке тартудың барлық фактілері бойынша кінәлі лауазымды тұлғаларға қатысты қатаң

прокурорлық ықпал ету шаралары қабылданды. Прокуратура органдарының ең басты басым бағыттарының бірі ретінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету болған және солай болып қалады. Биыл прокуратура органдары өздерінің мәртебесінің көтерілуіне және өкілеттіктерінің кеңейтілуіне байланысты қызметін жоғары және сапалы деңгейге көшіруге бет бұрды. Атап айтқанда, жыл сайын прокуратура органдарына азаматтардан келетін өтініштердің саны 20-30% арта түседі. Бір жағынан, бұл азаматтардың қадағалау органдарына сөзсіз сенімділігін және прокурорлар тарапынан олардың құқықтары мен мүдделері тиімді қорғалатыны куәландырады. Екінші жағынан, адамдардың қайырылу санының күрт өсуі қоғамның даму тұрақтылығы, тыныштық пен құқық тәртібі жағдайының сақталуын қамтамасыз етуге қосымша жауапкершілік жүктейді.

Соңғы кезде Бас прокуратураның Халықаралық ынтымақтастық департаментінің ролі өсуде, әрине, оның себебі осы жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуіне байланысты. 2010 жылы бұл прокуратура бөлімшесінің бастапқы мақсаты ретінде Қазақстан тарапынан еуропалық мемлекеттерде ұйымдастырылған негізгі іс-шараларға прокурорлардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету деп белгіленген [6, 36].

Прокуратура органдарымен өз тағдырын байланыстырған әрбір қызметкер мен барлық прокуратура органдарының әрекетіне өте көп жағдай байланысты, олар - әлеуметтік саяси тұрақтылық, азаматтардың амандығы, балалардың бақытты болашағы. Бұл өз еліміз бен барлық қазақстандықтар үшін ерен еңбек ету және бар күшімізді жұмылдыруға лайықты себеп екені сөзсіз.

1. Заң. № 9- 2008.

2. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». Егемен Қазақстан. №33-35-2010. 2- 12бет.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Астана. 2008.

4. Білісбеков Н. «Құқықтық саясат тұжырымдамасы – құқықтық мемлекет орнатудың жауапты кезеңі». Заң. №8-2009. 12-15 бет.

5. Сейітказықызы М. «Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау курсы». (оқу құралы). Алматы. 2006. 128 бет.

6. Мәми Қ. «Прокуратура органдары». Егемен қазақстан. №26- 29-2010. 2-16 бет.

This article deals with the activity of the prosecuting branch in the formation of the state functioning in accordance with law in the Republic of Kazakhstan.

В этой статье рассматриваются деятельность органов прокуратуры в становлении правового государства Республики Казахстан.

С.Г. Кожакметова

БІРҚАТАР ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН СОТТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дүние жүзі бойынша әрбір елдің Конституциясында сот жүйесінің нысаны (құрылымы), оның құрамына жалпы соттардан өзге мамандандырылған соттардың құрылатындығы да бекітіледі. Әрине бір айта кетер жайт, бұл зерттеуде тандалмалы түрде тек ғана өмірлік іс тәжірибесі мол, ертеректе құрылған мамандандырылған соттарға ғана шолу жасалады. Қазақстанда да құрылып, не болмаса құрылу үстінде дайындық жасалып жатқан соттарға ғана тоқталып өтетініміз анық. Олар, яғни әскери, экономикалық, әкімшілік, қаржы және ювеналды соттар болып отыр. Мұндай соттардың қызмет ерекшелігін қарастыруда біз тек өркениетті жоғары дамыған - АҚШ, Франция және Германия елдеріне тоқталмақпыз. Ең алдымен сот жүйесінің, әсіресе, мамандандырылған соттар туралы, осы аталған елдерде Конституцияларындағы бекітілуіне тоқтала кетейік.

АҚШ-ң Конституциясы 17 қыркүйек 1787 ж. қабылданған. III бапта (бізше бөлімде) 3 тарауы бар. 1-тарау Біріккен штаттарда сот билігі Жоғарғы Сот және төменгі соттармен жүзеге асырылады, олар өз уақытымен Конгреспен құрылып отырады. Жоғарғы сот апелляциялық саты (инстанция) болып табылады, - делінген. 2-тарауы Жоғарғы Сот өкілеттігі, қарайтын істері жайында бекітілген. Ал мамандандырылған соттар туралы нақты бап жоқ екендігін көреміз. Олардың қызметі жеке заңдармен реттеледі деп қарастырдық. АҚШ үш буында федералды сот жүйесі мен қатар әрбір штатта өз сот жүйесі болады, Штаттың Жоғарғы сотына бағынады. Жалпы АҚШ федералды сот жүйесін 1789 ж. Сот құрылысы туралы АКТ құрайды [1,356].

Франциядағы сот жүйесі мәселесін, оның құрылысын ең алды оның 3 маусым 1958 жылы қабылданған Конституциясынан қарастырайық. Франция Конституциясының VII бөлімінде «Сот билігі» туралы бекітілген. 64-бабына сәйкес, онда: «сот билігінің тәуелсіздігіне Президент кепілдік береді, оған Магистратураның Жоғары Кеңесі көмек көрсетеді»- делінген. Конституциясының осы бөлімінде үш бап, яғни 64,65,66 сот билігіне арналған. 65-бабы Магистратура Жоғары Кеңесі құрамы, құзіретіне арналған. Ал, IX бөлім «Сот төрелігінің Жоғары палатасы» деп аталады. 67-бапқа сәйкес, Сот төрелігінің Жоғары палатасы құрылады оның құрамы, қызметінің тәртібі Конституциялық заңмен реттеледі. 68- бап Республика сот 15 судьядан тұрады, оның құрамының қызметке келуі және басқа да жағдайлар Конституциялық заңмен реттеледі [1,48].

Германиядағы соттардың мамандандырылу мәселесі оның Негізгі Заңында (23 мамыр 1949 ж. Қабылданған) қарастырылады. Оның IX бөлімі «Сот төрелігі» деп аталады, құрамына 92-104 аралығындағы баптар кіреді. 92-бап Сот билігіндегі судьяларға тапсырылған; ол Федералды Конституциялық сот, федералды соттар және жерлер соты (суды земель) арқылы орындалады. Ал осы мамандандырылған соттарға байланысты Германия Негізгі заңында 95- бапта былай делінген: «жалпы әкімшілік, қаржылық, еңбек және әлеуметтік юстиция аясында сот